

**«Бұлақтыкөл орта мектебінің» КММ-нің әлеуметтік педагогінің
2024-2025 оқу жылында атқарылған жұмыстарына талдау**

«Бұлақтыкөл орта мектебінің» КММ-нің әлеуметтік педагогінің 2024-2025 оқу жылында атқарылған жұмыстарына талдау

Мекеме атауы: Бұлақтыкөл орта мектебінде 1 әлеуметтік педагог қызметкер жұмыс жасайды.

Әлеуметтік педагог: Қалдыбаева Назгүл Киікбайқызы

Білімі - жоғары, педагог –модератор , мектептегі еңбек өтілі- 8 жыл . Жылдық жүктемесі- I-бірлік

Мақсаты: Әлеуметтік педагогикалық жұмыстың әдістері мен бағытын, тапсырмаларын, әлеуметтік және жеке мәселерді шешу жолдарын айқындау.

Міндеттері:

2024-2025 оқу жылы бойынша төмендегідей жұмыстар жүргізілді. Мен әлеуметтік педагог ретіндегі жылдық жоспарымда №472 бұйрық негізінде төмендегідей негізгі 6 бағытқа бөліп жасалды.

1. Сыныптарға, мектепке әлеуметтік паспорттауда жүргізу.
2. Бала құқығын қорғау жұмысы
3. Әр түрлі есепке оқушылармен жеке профилактикалық жұмыс
4. Педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен (кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссия, қамқоршылық және қорғаншылық және т.б өзара іс-қимыл жүргізу жұмысы.
5. Білім алушылардың ата-аналарымен (отбасылармен) профилактикалық жұмыс
6. Диагностикалау-талдау қызметі

Осындай бағытта құрылған жоспарына айлық, апталық жоспараларды жасап, жұмыстар атқардым.

Сыныптарға, мектепке әлеуметтік паспорттауды жүргізу жұмысы бойынша

Мектеп бойынша оқушылардың тізімі жинақталып, оқушының әлеуметтік жағдай, ата-анасы туралы мәліметтер анықталды. Көп балалы, аз қамтылған, жартылай жетім, қамқорлықта (болған жағдайда) мүмкіндігі шектеулі (мүгедек) және патронаттық тәрбиедегі (болған жағдайда) оқушылардың тізімі жасақталып, осы тізім бойынша оларға материалдық көмектер берілді. Тізім негізінде мектептің әлеуметтік паспорты жасақталады.

Бұлақтыкөл орта мектебінің 2024-2025 оқу жылындағы әлеуметтік паспорты жасалды.

№	Мәліметтер	Саны
1	Жалпы оқушылар	83
	Ұл балалар	44
	Қыз балалар	40
	Ұлттық құрамы :	Қазақтар 100%
	Қазақ	-
	Орыс	-
	Өзге ұлт өкілдері	-
	Бастауыш сынып оқушылары	
	Орта буын оқушылары	
	Жоғары сынып оқушылары	23

№	Әлеуметтік санаттар	саны	%
	Барлық оқушылар	83	100%
	Отбасы түрі бойынша:	40	48,7%
1.	Толық отбасылар саны	33	33x2=66
	ондағы бала саны	73	40%
2.	Толық емес отбасылар	7	8,5%
	ондағы бала саны	10	
3.	Анасы жоқ балалар	1	1,2
4.	Әкесі жоқ балалар	9	10,9%
5.	Көп балалы отбасы	13	15,8%
	ондағы бала саны	34	
6.	Аз қамтамасыз етілген отбасы	1	1,2%
	ондағы бала саны	3	
7.	Жетім балалар,	0	

	ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	0	
8.	Мүгедек балалар, мүмкіндіктері шектеулі балалар	1	1,2%
9.	Азаматтығы жоқ білім алушылар	0	
10.	Басқа мемлекеттің азаматы болып табылатын білім алушылар	0	
11.	Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар	0	
12.	Мектепішілік бақылау есебінде тұрғандар	0	
	Ата-аналарының білімі:	73	66+7
1.	Жоғары, жоғары білімнен кейінгі	13	17,8%
2.	Техникалық және кәсіптік	16	21,9%
3.	Орта	44	60,2%

Оқу жылы дәстүр бойынша «Мектепке жол» акциясын ұйымдастырумен басталды Ақтөбе облысының білім басқармасы Қазақстан Республикасы Білім және Оқу- ағарту министрлігінің ұйымдастыруымен 2024жылы 1тамыздан бастап «Мектепке жол» Республикалық қайырымдылық акциясы балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету мақсатында өткізілді.

Акцияның басталуы 2024 жылдың 1 тамызы , аяқталуы - 2024жылдың 30 қыркүйек.

Бұлақтыкөл орта мектебі бойынша республикалық «Мектепке жол» акциясын өткізу туралы бұйрық шыққан сәттен бастап , отырыс өткізілді. Отырыста аталмыш акция бойынша жоспар құрылды. Қызылбұлақ округі бойынша 0-18 жас аралығында балалар саны анықталып , округ әкімінің бекітілуімен күн көрісі төмен, сәтсіз отбасы, көп балалы отбасы балалары, жартылай жетім, толық емес отбасы анықталды.

Акцияның мақсаты - аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан оқушыларға, толық емес отбасы, жартылай жетім балаларға, оқу жылының басталуына дайындық кезінде материалдық қолдау көрсету және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке келмеуінің алдын алу. Акция мақсатына сай әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардың балаларына көмек көрсету үшін , ауыл кәсіпкерлеріне , мекеме басшыларына ақпараттық хат таратылды.

«Мектепке жол» акциясына «Қазақ Ойл компаниясына демеушілік жасап толық емес, көп балалы ,жартылай жетім балаларына 20 оқушыға сумка және сабақ құралдарымен берілді, Абдрахманов Асыланбек 3 оқушыға киімдер оқу құралдарын , Дүйсенбина Шынар 1 оқушыға оқу-құралдарын, Молдағазы Найзабек 3 оқушыға спорттық киім Балдыбеков Әлімбек 2 оқушыға оқу-құралдарына өз үлестерін қосты.

Ел болашағының тізгінін ұстайтын жас ұрпақ-мемлекетіміздің басты құндылығы. Олардың толыққанды білім алып, саналы азамат болып қалыптасуына ықпал ету – басты міндет. Жақсылық жасау –күн шуағындай адам жүрегін нұрға бөлейді. Ал, балалаға қуаныш сыйлау бақыттың биік шыңы.



ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрығына сәйкес.Білім алушыларлардың қаржылық және материалдық көмек көрсету. Осыған мектебімізден 19 бала қаржылай 43 407 теңгені тарапынан төленген бір реттік қаржылай көмек алды. Олардың құжаттары жиналып , өтініштері қанағаттандырылды. Қаржыны мақсатты жұмсағандары жөнінде дәлелдеме құжаттарын әкелді. Барлық құжаттарды білім бөліміне тапсырдым.




Жыл басында категория бойынша 19 оқушы ыстық тамақпен, 1-4 сынып 22 оқушы ыстық тамақпен қамтылды. Қажетті құжаттар жиналып, өтініш қабылданды. Мектеп директорының бұйрығымен ыстық тамақты ұйымдастыру комиссия құрамы құрылып, жыл бойы жұмыс атқарды. Ай сайын бракераждық комиссия тамақтың сапасын, асхананың санитарлық талапқа сай нормаларын қадағалап, акт жасап отырды. Өрескел заң бұзушылар болған жоқ.



Бұлақтыкөл орта мектебінде аз қамтылған оқушыға, жартылай жетім оқушыға «Мектепке жол» акциясы бойынша ИП «Табын» кәсіпкер Аюп Балауса қолдау көрсетіп, Сейітқазықызы Әдемі, Самбаева Көркемге қыстық киім берілді. Қаражат көлемі 30 000 теңге.



Мектебіміздің ұстаздары аз қамтылған оқушыға Самбаев Нұрханға қыстық киімдер алып беруге өз үлестерін қосты. Қаражат көлемі 30 000 теңге



Оқушыларды қоғамға, ортаға тарту, бейімдеу мақсатында арнайы конкурстарға үнемі қатыстыруға тырысамын. 7 сынып оқушысы Сейтқазықызы Әдемі « Жаңа Қазақстан» инновациялық орталығы балалар мен жасөспірімдердің шығармашылығын қолдау мақсатында ұйымдастырылған республикалық «Бояулар құпиясы» атты жас суретшілер байқауына қатысып, I орынды иеленді.

7 сынып оқушысы Ордабаева Тәттігүл Жазбекқызы Әбіш Кекілбаевтың шығармаларын шығармалараны кеңінен насихаттау мақсатында республикалық «ӘБІШ оқулары» шығармашылық конкурсынан II орын иеленді.


Оқу жылының басында тәуел тобының оқушылар саны анықталып, мектеп психологі, класс жетекшісі және әлеуметтік педагогтың бірлескен жылдық жұмыс жоспары құрылды. Бұлақтыкөл орта мектебінде 8 оқушы әлеуметтік жағдайына байланысты ,1 оқушы мүмкіндігі шектеулі 1 оқушы сәтсіз отбасы болып тіркелді.

Тәуекел тобының оқушыларына «Аяқталмаған сөйлем» , «Өзім туралы» ,«Мен және менің отбасым», «Мен - денсаулығы мықты, үлгірімді оқушымын» ,«Жетістікке жету формуласы», «Менің кемшіліктерім мен қабілеттерім» тақырыбында жұмыстар жүргізілді.

2024 жылдың 26 қыркүйек күні мектебімізде қауіпсіздік шараларына қатысты «Бала қауіпсіздігі-қоғам келешегі» тақырыбында біріңғай ата –аналар жиналысы өткізілді.

Күн тәртібі: Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын өзектендіру.

Қазіргі қоғамның өзекті мәселелерінің бірі – оқушылардың әлеуметтік желілердегі қауіпсіздігі талқыланды. Мектеп директоры О.Атангарин ата-аналарға «Біртұтас тәрбие» бағдарламасына сәйкес , білім алушылардың жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында апта сайынғы сынып сағаттары аясында 10 минуттық «Қауіпсіздік сабағы енгізілгендігіне , ата-аналар мен балалардың арасындағы «Өнегелі 15 минут» бастамасының баламен шынайы жүректен әңгімелесу оның өзіне деген сенімін нығайтуға , маңызды өмірлік құндылықтарды меңгеруге және дұрыс тәрбие алуына көмектесетініне тоқталып өтті. Жиналыс барысында бейнеролик көрсетілді. Мектебіміздің әлеуметтік педагогі Н.Қалдыбаева ата-аналарға «Отбасылық зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыбында баяндама оқыдым.Қауіптердің алдын алу үшін не істеу керек? Әлеуметтік желідегі қауіпсіздік ұсыныстары жөнінде жадынама таратты. «Мектепке жол» акциясына өз үлестерін қосқан ата-аналарға мектеп директоры атынан алғыс хатпен марапатталды.



«Зорлық-зомбылық акциясы» және «Заң және тәртіп» 16 күндігі жоспарына сәйкес «Отан-отбасынан басталады» тақырыбында жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді.

Мақсаты: Балаларға қатыгездікпен қарау мәселесі бойынша ата-аналарды ақпараттанлыру және жәбірлендіруді болдыртпайтын және алдын алуда ата-ана міндетін түсіндіру .



Оқушыларға дұрыс тамақтанудың адам ағзасына пайдасы туралы түсіндіру мақсатында 1-4 класс сынып оқушыларына «Дұрыс тамақтану» тақырыбында түсіндірем жұмыстары жүргізілді.

Балалардың дамуындағы дұрыс тамақтанудың маңыздылығы , дұрыс тамақтанбауға және олардың салдарларына байланысты аурулардан мысалдар келтіріп оқушыларға түсіндірілді.



2024 жылдың 28 қарашасында «Ақтөбе облысы білім басқармасы» ММ «JAN ANUAL» психологиялық қолдау орталығының жоспарына сәйкес ұйымдастыруымен өткізілген «Үздік мектеп асханасы» байқауының аудандық кезеңіне өткізілді. Байқау қорытындысы бойынша Бұлақтыкөл орта мектебіміз жүлделі III орын иеленді. Байқаудың мақсаты: Мектеп оқушыларының сапалы, қауіпсіз және пайдалы тамақтану қызметін көрсету. Асханалардың санитарлық-гигиеналық талаптарға сай болуын қамтамасыз ету.



БАЙҒАНИН АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ

ДИПЛОМ

Байғанин ауданының білім бөлімінің ұйымдастыруымен
қашықтықтан өткен **«ҮЗДІК МЕКТЕП АСХАНАСЫ»**
облыстық байқауының аудандық кезеңінде
III ОРЫНға ие болған

БҰЛАҚТЫКӨЛ ОРТА МЕКТЕБІ


МАРАПАТТАЛАДЫ

Бөлім басшысы




М.Дабысов

Қарауылкелді ауылы, 2024 жыл



Облыстық білім басқармасының 28.01.2025 жылғы № 01-14\310 санды хаты және Ақтөбе облысының прокуратурасының 20.0.2025 жылғы №2-03-25-00391 балаларды улануын алдын алу туралы хатына сәйкес оқушыларымызға дұрыс тамақтану туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді . Мектеп медбикесі С.Азаматова оқушылардан «Дұрыс тамақтану –денсаулық кепілі» тақырыбында эссе алынды.

Мақсаты: Оқушылардың өз пікірлерін тыңдай отырып, қосымша мәліметтер бере отырып денсаулық құндылығы дұрыс тамақтана білуге тәрбиелеу.



Жаңа жылдық мереке қарсаңында мерекелік көңіл күй сыйлау мақсатында “Қызыбұлақ округінің әкімі Б.Ж.Жолин «Аманат партиясы», «Алтай Ресурс компаниясы» 52 оқушыға және «Қызыбұлақ округінің әкімі Б.Ж.Жолин, «СНПС Ақтөбе Мұнай Газ» АҚ компаниясы 26 бала жаңа жылдық жасады. Ардагер ұстаз Муханова Галя апай 3 сынып оқушыларына жаңа жылдық сыйлық табысталды.



«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы негізінде ұйымдастырылған «Тәрбиенің бастауы-тұлға дамуының негізі» онкүндігінің 4 күнгі жұмысы « Ардақты ана, ибалы қыз» тақырыбында танымдық сайыс өткізілді.

Мақсаты : Ана мен қыз арасындағы рухани байланысты нығайту, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, қыз тәрбиесіндегі ананың рөлін көрсету.



Әлеуметтік педагог ретінде білім шыңдау , іс-тәжірибиемді тарату мақсатында біршама жұмыстар жасалды. Білім беру ұйымдарының әлеуметтік педагогтеріне арналған Байғанин ауданының білім бөлімі Білім беру ұйымдарының әлеуметтік педагогтері арасында ұйымдастырылған облыстық «Үздік әлеуметтік педагог-2024» байқауының аудандық кезеңінде **II дәрежелі** дипломға ие болдым.



«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыруда «Бақытты балалық шақ: отбасы, мектеп, қоғам» тақырыбында аудандық семинар-практикумда өз іс-тәжірбиесімен бөлісіп, кәсіби шеберлігін көрсеткен үшін **алғыс хатпен** марапатталдым.



Әлеуметтік педагог:  Н.К.Қалдыбаева